

**"Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 13 наурыздағы № 46 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 наурызда № 2370 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 46 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 15.03.2019 № 46 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).  
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Концессиялар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Ө.С. Бисақаев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары С.Т. Алдашевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Айдарбаев

**"КЕЛІСІЛДІ"**

"Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

**"Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және  
автомобиль жолдары басқармасы"  
мемлекеттік мекемесі туралы  
Е Р Е Ж Е**

**1. Жалпы ережелер**

1. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

6. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

7. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, 1 үй.

8. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде: "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: государственное учреждение "Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог Мангистауской области".

9. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Маңғыстау облысының әкімдігі болып табылады.

10. Осы Ереже "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмыс режимі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес анықталады.

## **2. Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында мемлекеттік саясатты өңірлік деңгейде іске асыру болып табылады.

14. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің негізгі міндеттері:

1) облыс аумағында жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, телерадиокоммуникация және байланыс саласында мемлекеттік саясатты жүргізу ;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген өзге де міндеттер болып табылады.

15. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі оған жүктелген міндеттерге сәйкес заңнамада белгіленген тәртіпте келесідей функцияларды жүзеге асырады:

1) облыстық маңыздағы көлік инфрақұрылымы объектілері құрылысын салу мен пайдалануын ұйымдастырады, көлік саласындағы концессиялық жобалардың ұйымдастырушысы болады және концессия келісімі жасалған кезде концендеттің мүддесін қорғайды;

2) облыстық маңызы бар, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес ұйымдастырады;

3) ауданаралық (қалааралық) жолаушылар көлігі қатынасын ұйымдастырады;

4) аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) әкімдіктерінің, аудандар, қалалар әкімдерінің олардың құзыретіне кіретін мәселелері бойынша жұмысын үйлестіреді;

5) автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін облыс әкімдігіне бекітуге ұсынады;

6) жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін келісу мәселелері бойынша облыс әкімдігіне ұсыныстар енгізеді;

7) алынып тасталды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.09.2014 № 234 ( жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8) жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады;

9) жол шаруашылығы, көлік және коммуникациялық кешен мәселелерінде уәкілетті мемлекеттік органдармен және жергілікті басқару органдарымен өзара әрекеттесуді және қабылданған шешімдердің орындалысын бақылауды жүзеге асырады;

10) облыстың коммуналдық меншігіндегі жолдарды және жол кәсіпорындарын басқаруды жүзеге асырады;

11) алынып тасталды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.09.2014 № 234 ( жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12) салынған объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі қабылдау және жұмыс комиссияларының жұмысына қатысады;

13) көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі облыстық комиссияның жұмысына қатысады;

14) аудандық аумақтық бөлімдердің жолаушылар көлігінде заңнама талаптарының орындалуын бақылау жөніндегі ұйымдастыру жұмысын жүргізеді;

15) автомобиль көлігінде және автомобиль жолдарында бақылауға қатысты ережелер, нұсқаулықтар мен басқа да нормативтік құқықтық актілер жобаларына ұсыныстар дайындау жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

16) жол қызметін қаржыландыруға бағытталатын қаражаттың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіпте пайдаланылуын айқындап белгілеу және оның мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

17) облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыреті шегінде тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу конкурстарын өткізуді ұйымдастырады;

19) автомобиль жолдарының жобалық-сметалық құжаттамаларын сараптауға қатысуға білікті мамандарды тартады;

20) нормативтік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша жол – құрылысының және жөндеу жұмыстарының барысына техникалық қадағалауды жүзеге асыру үшін келісім-шарт негізінде мамандырылған кәсіпорындарды тартады;

21) жеке және заңды тұлғаларға, жолдың көліктік – пайдалану сапасының төмендеуін болдырмау, көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысының және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау шартымен сервис және жарнама объектілерін орнату үшін келісім-шарт негізінде жол органы пайдаланбайтын облыстық маңыздағы автомобиль жолдардың жер учаскелерін, кесінді жолақтарын уақытша қысқа мерзімге жер пайдалануға беру туралы келісуді қамтамасыз етеді;

22) заңнамаға сәйкес жергілікті маңыздағы автомобиль жолдары желісіне жол жұмыстарын және жолаушылар тасымалдау бойынша қызмет көрсетулерді орындауға конкурстар өткізеді;

23) жолаушылар мен багажды тұрақты облысаралық қалааралық автомобильмен тасымалдаулар маршруттарын және жүру кестелерін келіседі;

24) тұрақты жолаушылар маршруттарын ұйымдастыруға келісім-шарттар жасасады және келіседі;

25) жолаушылар тасымалдау қозғалысының белгіленген кестесінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

26) жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын әзірлейді;

27) жолаушылар мен багажды тұрақты облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) тасымалдауды ұйымдастырады, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізеді;

28) жолаушылар мен багажды тұрақты ауданаралық (облысішілік қалааралық) тасымалдаулар маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекітеді;

29) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жолаушыларды отырғызатын және түсеретін белгіленген пункттерді безендіруді және оның күтіп ұсталуын ұйымдастырады;

30) жолаушылар тасымалына талдау жүргізеді және әлеуметтік мәні бар ауданаралық (облысішілік қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынастарды (маршруттарды) анықтап белгілеу жөнінде ұсыныстар дайындайды; әлеуметтік мәні бар ауданаралық (облысішілік қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынастары (маршруттар) қатынастар бойынша теміржол көлігімен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шеккен зиянын жергілікті бюджеттен субсидиялау көлемі жөнінде ұсыныстар дайындайды;

31) өңірдегі көлік саласындағы әлеуметтік маңызы бар кәсіпорындар қызметін үйлестіреді;

32) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

33) халықаралық техникалық байқау сертификаттарын береді;

34) қызмет өңірі шегінде міндетті техникалық байқаудан өткізу кестесіне келісім береді;

35) автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

36) автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

37) алынып тасталды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 08.05.2015 № 142 ( жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

38) алынып тасталды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 08.05.2015 № 142 ( жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

39) автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің тізілімін жүргізеді;

40) жолаушылар мен багажды тұрақты ауданаралық (облысішілік қалааралық) автомобильмен тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізеді;

41) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялауды жүзеге асырады;

Ескерту. 41)-тармақшасы мынадай редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 08.05.2015 № 142 (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

41-1) халықаралық және республикаішілік қатынастарда қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді;

41-2) жолаушыларды ауданаралық (облысшілік қаларалық) қатынастарда әлеуметтік мәні бар тасымалдауларды жүзеге асыру кезіндегі тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялауды жүзеге асырады;

41-3) метрополитенмен жолаушыларды тасымалдау қағидаларын бекіту үшін әзірлейді;

41-4) метрополитеннің қауіптілігі жоғары аймағында болу және онда жұмыстар жүргізу қағидаларын бекіту үшін әзірлейді;

41-5) метрополитенмен жолаушылар тасымалдауды субсидиялау қағидаларын әзірлейді;

41-6) әлеуметтік мәні бар ауданаралық (облысшілік қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынастары (маршруттар) бойынша теміржол көлігімен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының залалдарын субсидиялайды;

41-7) облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттарын бекіту үшін әзірлейді;

41-8) облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолымен жүріп өту үшін ақы алу қағидаларын бекіту үшін әзірлейді;

41-9) облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін бекіту үшін әзірлейді;

41-10) облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының индекстерінің атауларын бекіту үшін әзірлейді;

41-11) облыстық және аудандық маңызы бар жолдарда, елді мекендердің көшелерінде жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу, реконструкциялау, жөндеу, енгізу және күтіп-ұстау жөніндегі барлық жұмыс түрлерінің орындалуын және оларды бақылауды қамтамасыз етеді;

41-12) жолдарда жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және іске асырады;

41-13) жол-көлік оқиғаларынан болған ысыраптың және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған бюджет шығындарының, сондай-ақ жолдардағы авариялылық деңгейін азайту үшін қолданылатын шаралар тиімділігінің мониторингін жүзеге асырады;

41-14) жолдарда жол жүрісін қалпына келтіру үшін жол-көлік оқиғаларының зардаптарын жояды;

41-15) өздігінен жүзетін шағын көлемді кемелерді басқару құқығына куәліктерді береді;

41-16) шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды есепке алуды жүргізеді;

41-17) жағалау объектілерін жобалауды, орналастыруды, салуды және пайдалануды келіседі;

41-18) теңіз портының акваториясын қоса алғанда, теңіз портының шекарасын айқындау мәселелері жөнінде тиісті ұсыныстар енгізеді.

Ескерту. 41-1), 41-2), 41-3) 41-4), 41-5), 41-6), 41-7), 41-8), 41-9), 41-10), 41-11), 41-12), 41-13), 41-14), 41-15), 41-16), 41-17), 41-18), 41-19) тармақшалармен толықтырылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 08.05.2015 № 142 (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42) Қазақстан Республикасының заңнамасымен "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

16. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі оған жүктелген міндеттерді іске асыруда және өз функцияларын жүзеге асыруда белгіленген тәртіпте мыналарға:

1) облыстың көлік саласы және жол шаруашылығы дамуының мақсаты, басымдығы және стратегиясы бойынша ұсыныстарын облыс әкіміне енгізуге;

2) атқарушы органдарға облысты дамыту бағдарламасын іске асыруға кедергі келтіретін оның қабылдаған актілерінің күшін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

3) заңды тұлғаларды қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауаптылыққа тарту туралы ұсыныстар енгізуге;

4) өз құзыреті шегінде орындау үшін міндетті нұсқаулар беруге және құқықтық актілер шығаруға;

5) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

6) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдардың және басқа да органдардың басшылары мен мамандарын тартумен бірге белгіленген тәртіппен кеңестер шақыруға;

7) өз құзыреті шегінде коммуналдық меншікте тұрған мүлікті иелену, пайдалану және билік ету мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

8) автомобиль жолдары мен жолаушылар тасымалы саласында айналысатын коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізуге;



9) алынып тасталды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.09.2014 № 234 ( жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10) автомобиль жолдары туралы заңнамаға қайшы келетін жобалық-сметалық құжаттамалар мен басқа да ұсыныстарды құптамауға;

11) қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

17. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі:

1) "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірмелер беруге;

2) бұл жөнінде заңды және жеке тұлғалар ресми сұраныс жасаған жағдайда өз құзыреті шегінде және заңнама аясында қажетті материалдар мен ақпаратты беруге;

3) "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етуге;

4) "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

### **3. Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының қызметін ұйымдастыру**

17. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

18. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы облыс әкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

20. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) өз орынбасарларының, бөлім басшыларының міндеттері мен өкілеттіліктерін анықтайды;

2) "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіпте "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне тәртіптік жазалар береді және көтермелеу шараларын қолданады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұйрықтар шығарады;

5) "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

6) барлық мемлекеттік органдарда және ұйымдарда "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

7) ерлер мен әйелдерді басшылық қызметке ұсыну кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз етеді;

8) "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі жұмысқа жеке жауапты болады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттілікті жүзеге асырады.

21. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мүлкі**

22. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар.

23. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

26. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысымен жүргізіледі.

27. Ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

## **6. Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату**

28. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Маңғыстау облысы әкімдігімен жүзеге асырылады.